

Ю.А. Гагарин атындағы Ресей ғарышкерлер даярлау мемлекеттік ғылыми-зерттеу сынау орталығында Қазақстан Республикасының ғарышкерлікке кандидаттарын даярлауға байланысты шығыстардың нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 маусымдағы N 522 қаулысы

Қазақстан Республикасының ғарышкерлікке кандидаттарын даярлау кезіндегі шығыстарға байланысты мәселелерді реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Ю.А. Гагарин атындағы Ресей ғарышкерлер даярлау мемлекеттік ғылыми-зерттеу сынау орталығында Қазақстан Республикасының ғарышкерлікке кандидаттарын даярлауға байланысты шығыстардың нормалары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 м а у с ы м д а ғ ы
N 5 2 2 қ а у л ы с ы м е н
бекітілді

Ю.А. Гагарин атындағы Ресей ғарышкерлер даярлау мемлекеттік ғылыми-зерттеу сынау орталығында Қазақстан Республикасының ғарышкерлікке кандидаттарын даярлауға байланысты шығыстардың нормалары

1. Ғарышкерлікке кандидаттардың ай сайынғы стипендиясы 415 АҚШ долларына баламалы сома;
2. Ю.А.Гагарин атындағы ғарышкерлер даярлау орталығында ғарышкерлікке кандидаттың отбасымен тұруы үшін тұрғын үйді (жеке пәтерді) жалға алу ақысы. Нақты шығыстар бойынша (бірақ, айына 1500 АҚШ долларына баламалы сомадан аспауға тиіс);

3. Ресей Федерациясынан тыс жерлерде қысқа мерзімді іссапарларда жүрген ғарышкерлікке кандидаттарға тұрғын үйді жалға алу жөніндегі шығыстарын төлеу (тәулігіне бір адамға)

- а) АҚШ-қа 180 АҚШ долларына баламалы сомадан аспауға тиіс;
- б) Украинаға 70 АҚШ долларына баламалы сомадан аспауға тиіс;
- с) Қазақстанға 50 АҚШ долларына баламалы сомадан аспауға тиіс;
4. Ресей Федерациясы шегінде қысқа мерзімді іссапарларда жүрген ғарышкерлікке кандидаттардың тұрғын үйді жалға алу жөніндегі шығыстарын төлеу (тәулігіне бір адамға) 550 ресей рубліне баламалы сомадан аспауға тиіс;
5. Ресей Федерациясынан тыс жерлерде қысқа мерзімді іссапарларда жүрген ғарышкерлікке кандидаттардың тәуліктік шығыстарын өтеу нормалары:
- а) АҚШ-қа 67 АҚШ долларына баламалы сомада
- б) Украинаға 46 АҚШ долларына баламалы сомада
- с) Қазақстанға 41 АҚШ долларына баламалы сомада
6. Ресей Федерациясының шегінде қысқа мерзімді іссапарларда жүрген ғарышкерлікке кандидаттардың тәуліктік шығыстарын өтеу нормалары 100 ресей рубліне баламалы сомада
7. ҒДО-ның асханасында медицина мамандары әзірлеген рационға сәйкес арнайы тағамға жұмсалатын тәуліктік шығыстардың нормалары (жұмыс күндерінде):
- а) таңертеңгілік ас 9 АҚШ долларына баламалы сомада
- б) түскі ас 10 АҚШ долларына баламалы сомада

в) кешкі ас

сомада

8. Арнайы жаттығулар үшін жеке арнайы киім және аяқ киім сатып алуға арналған шығыстардың нормалары

аспауға тиіс)

9 АҚШ долларына баламалы

Нақты шығыстар бойынша (бірақ Ресей Федерациясының ғарышкерлікке кандидаттары үшін белгіленген нормалардан